Келісемін:
Жанқожа батыр атындағы №[illegible] орта мектеп
директоры Г.[illegible] ____________

Бекітемін:
Қызылорда облысының білім басқармасының
«Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
№28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының меңгерушісі
Г.Ш.Ержанова ____________

# «Жасыл қала - жасыл балабақшадан басталғанын қалаймыз» эко жобасының мектеппен байланыс жоспары

**2025 - 2026 оқу жылы**

*«Жасыл қала -жасыл балабақшадан басталғанын қалаймыз» эко жобасы балабақша мен мектеп арасындағы байланыс.*

**Жобаның мақсаты мен міндеттері.**

1.Мектеп пен балабақша басшылары арасында жоба туралы жиналыс өткізу.
2.Балалар мен оқушыларды табиғатты қорғауға баулу, экологиялық мәдениет қалыптастыру.
3. Мектеп пен балабақша арасындағы байланысты нығайту.
4.Қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға үлес қосу.

**Жоспар кезеңдері.**

**1-кезең.Дайындық жұмыстары.**
1.Балабақша мен мектеп басшылығының қатысуымен жоба жоспарын бекіту.
2.Жобаға жауапты тұлғаларды анықтау(мектеп мұғалімдері, тәрбиешілер, ата-аналар комитеті)
3.Балаларды жас ерекшеліктеріне қарай жобаға қосу форматын анықтау.

**2-кезең. Ақпараттық түсіндіру жұмыстары.**
**Балабақшада :**
-Табиғат туралы әңгімелер,мультфильмдер көру.
-Экологиялық ертегілер оқу.
-Қалдықтарды дұрыс сұрыптау туралы ойындар өткізу.
**Мектепте.**
-Экология тақырыбында сабақтар ұйымдастыру.
-Қаланың экологиясы туралы шағын зерттеу жұмыстарын жүргізу.
-Балабақша және мектеп аумағындағы өсімдіктерге QR-код орналастырып ,кодты сканерлеу арқылы балалар өсімдік туралы ақпаратты жобасын ұйымдастыру.

**3-кезең.Бірлескен іс-шаралар**
**1)Көгалдандыру акциялары:**
-Балабақша және мектеп аумағында ағаштар мен гүлдер отырғызу
-«Біз отырғызған ағаш» атты жаңа бұрыш жасау.
Ата-аналармен балалар бірге ағаш отырғызып,оны күту арқылы челлендж ұйымдастыру

**2)Тәрбие жұмыстары.**
-Мектеп оқушылары балабақша балаларына экологиялық шеберлік сабақтарын өткізу.
(мысалы ,өсімдік отырғызу немесе қайта өңделетін материалдан бұйым жасау.)

**3)Тәжірибелік зерттеулер**
Балаларға шағын биология экология тәжірибелерін ұйымдастыру (тұқымның өсуі, суды сүзу тәсілдері)

**4)Интерактивті оқыту әдістерін енгізу:**
Экологияға қатысты викториналар,рөлдік ойындар немесе табиғат туралы анимациялар өткізу

**3.Табиғатқа экскурсия**

-Мектеп оқушылар мен балабақша балалары табиғатқа серуенге шығып, өсімдіктер мен жануарлар әлемін бірге зерттейді.

**4.Экологиялық сенбіліктер.**

-Мектеп пен балабақша аумағын таза ұстауға бағытталған акциялар ұйымдастыру.

-«Біздің ортақ гүл бағы» акциясы ( екі тарап бірлесе отырып)

-Әр балаға бір өсімдікті беріп,оны күтуге жауапкершілік жүктеу.

**4-кезең.Шығармашылық жұмыстар**

Балалар арасында экологиялық сурет байқауларын ұйымдастыру.

Коллеңр көрмесін өткізу(қайта өңделген материалдан)

«Жасыл қала» тақырыбында эссе немесе өлең байқауын өткізу (мектеп оқушылары арасында)

**5- кезең.Жасыл инфрақұрылымды дамыту.**

**-Жасыл бұрыштар:**

Балабақша мен мектептерді экологиялық мүйістер жасау (кішкентай жылыжайлар,шағын гүл бақшалары)

**-Эко-көмекші алаңы.**

Компост жасау қалдықтарды бөлек жинау туралы нақты тәжірибе алаңын құру.

**-Табиғат класстары:**

Ашық ауада өткізуге арналған арнайы жасыл аймақ жасау.

**6-кезең: Қорытындылау және марапаттау.**

-Жоба қорытындысы бойынша бірлескен іс-шара ұйымдастыру ( мерекелік концерт немесе көрме)

-Белсенді қатысушыларды марапаттау.

-Жоба нәтижесін ата-аналармен бөлісу.

**«ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША», «ЖАСЫЛ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА**

**СЕРІКТЕСТІК ОРНАТУ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Осы Меморандум Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті № 70 мектебі мен Қызылорда облысы Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті КМҚК №28 «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы (бұдан әрі – Тараптар) арасында жасалды.

## 1.Меморандумның мақсаты

Осы Меморандумның мақсаты – екі балабақшада «Жасыл балабақша», «Жасыл мектеп» жобасын бірлесе іске асыру, балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялау дағдыларын дамыту, тұрақты даму құндылықтарын мектепке және мектепке дейінгі білім беру үдерісіне енгізу.

## 2. Серіктестіктің негізгі бағыттары

Тараптар «Жасыл балабақша» «Жасыл мектеп» жобасы аясында төмендегі бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс жүргізеді:

- балабақша,мектеп аумағында жасыл кеңістік қалыптастыру (көгалдандыру, гүлзарлар, оқу бақ, эко – аймақтар);
- экологиялық білім беру бағытындағы сабақтар, үйірмелер, зерттеу және тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру;
- қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс - шаралар өткізу;
- су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған тәрбиелік жұмыстар жүргізу;
- экологиялық акциялар, экосабақтар, сенбіліктер, табиғатты қорғау шараларын өткізу;
- «Жасыл балабақша», «Жасыл мектеп» бойынша озық тәжірибелермен, әдістемелік материалдармен алмасу.

## 3. Тараптардың бірлескен міндеттері

3.1. «Жасыл балабақша», «Жасыл мектеп» жобасын іске асыруға арналған ортақ жоспар әзірлеу және оны мектеп пен балабақшада да жүзеге асыру.

3.2. Балалардың жас ерекшелігіне сай экологиялық тәрбиені жүйелі түрде ұйымдастыру.

3.3. Педагогтер мен тәрбиеленушілердің,оқушылардың экологиялық бастамаларын қолдау;

3.4. Ата – аналарды «Жасыл балабақша», «Жасыл мектеп» жобасына тарту, экологиялық мәдениетті отбасында қалыптастыруға ықпал ету.

3.5. Жобаның нәтижелерін талдау, қорытындылау және тарату.

## 4. Серіктестік қағидаттары

серіктестік;
тең жауапкершілік;
өзара сенім;
ашықтық;
бірлескен жауапкершілік;
тұрақты даму қағидаттарына негізделеді.

## 5. Меморандумның қолданылу мерзімі

Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және «Жасыл балабақша», «Жасыл мектеп» жобасы жүзеге асырылатын кезең бойы қолданыста болады. Тараптардың өзара келісімімен мерзімі ұзартылуы немесе толықтырылуы мүмкін.

## 6. Қорытынды ережелер

Осы Меморандум екі данада жасалып, әр тарапқа бір данадан беріледі және тең заңды күшке ие.

**ҚОЛ ҚОЮ БӨЛІМІ**

Осы Меморандумға қол қою арқылы Тараптар «Жасыл балабақша», «Жасыл мектеп» жобасы аясындағы бірлескен жұмыстарды жүзеге асыруға дайын екендіктерін растайды.

Жанқожа батыр атындағы № 70 мектеп
директоры Т.Мырзаханов

Қолы:

Мөр:

...«Бота» бөбекжай - балабақшасы
... Г.Ержанова

Меморандум жасалған күні: «11» қыркүйек 2024 жыл

Меморандум жасалған орны: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

# Жобаны іске асыру кезеңі













# Мектеппен сабақтастық.







## Зертханалық кабинет





